

◆◆◆◆◆ шаруашылықтардың үлесі анықталды және ауыл шаруашылығы кооперативтерінің функцияларын реттейтін заңдар қаралды. Кооперацияны дамытудың мақсаттары мен міндеттері анықталды. Өндірістің тиімділігін арттырудың негізгі факторы ретінде көлденең және тік кооперациялаудың ерекшеліктері белгіленген. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым нысанында құрылған тексеру одағы қызметінің негізгі түрлері ұсынылған. Тексеру одағының қызметін қиындататын негізгі себептер анықталды: оларды мемлекеттік тіркеу жөніндегі заңнамада кейбір кемшіліктер, ішкі аудиттің білікті мамандарының жетіспеушілігі, тексеру одағының жұмысын реттейтін және бақылайтын жоғарғы органның жоқтығы.

Аннотация. Рассмотрена одна из проблем развития агропромышленного комплекса Казахстана – мелкотоварный характер сельхозпроизводства и необходимость объединения сельхозтоваропроизводителей в целях эффективного использования потенциала мелких хозяйственных структур. Проанализирована деятельность Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан совместно с исполнительными органами по созданию сельскохозяйственных кооперативов. Рассматривая сельскохозяйственную кооперацию как систему кооперативов и их ассоциаций (союзов), выявлена в ней доля фермерских хозяйств и рассмотрены законы, регулирующие функции сельскохозяйственных кооперативов. Определены цели и задачи развития кооперации. Обозначены особенности горизонтального и вертикального кооперирования как основного фактора повышения эффективности производства. Представлены основные виды деятельности ревизионного союза, созданного в форме некоммерческой организации, осуществляющей внутренний аудит сельскохозяйственных кооперативов. Определены основные причины, затрудняющие деятельность ревизионного союза: некоторые недостатки в законодательстве по их государственной регистрации, нехватка квалифицированных специалистов внутреннего аудита, отсутствие вышестоящего органа, регулирующего и контролирующего работу ревизионного союза.

Abstract. One of the problems of the development of agro-industrial complex of Kazakhstan - the small-scale nature of agricultural production and the need to unite agricultural producers in order to effectively use the potential of small economic structures is considered. The activity of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan in conjunction with the executive bodies for the establishing of agricultural cooperatives was analyzed. Agricultural cooperation have been considering as a system of cooperatives and their associations (unions), the share of farms was revealed and the laws governing the functions of agricultural cooperatives was considered. The goals and objectives of the development of cooperation have been determined. The features of horizontal and vertical co-operation as the main factor for increasing the efficiency of production are indicated. The main types of activity of the audit union, created in the form of a non-profit organization engaged in the internal audit of agricultural cooperatives, are presented. The main reasons that complicate the activity of the audit union are identified: some shortcomings in the legislation related to their State registration, lack of qualified internal audit specialists, absence of an existing body regulating and supervising the work of the audit union.

Кілттік сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, кооперация, ұсақ тауарлы өндіріс, субсидиялар, ішкі аудит, қаржы қызметі, шығындар, Тексеру одағы.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, кооперация, мелкотоварное производство, субсидии, внутренний аудит, финансовая деятельность, затраты, Ревизионный союз.

Key words: agro-industrial complex, cooperation, small-scale production, subsidies, internal audit, financial activity, expenses, Audit Union.

Кіріспе. Қазіргі таңда Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешеннің проблемалық мәселелерінің бірі – ол ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақ тауарлы сипатта болуына байланысты, майда шаруашылық құрылымдар мен жеке секторлардың әлеуетін тиімді пайдалану үшін оларды біріктіру, яғни ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру маңызды болып отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде және өткізуде орталықтандырылған қызметін ұйымдастыру мақсатында ауылда кооперацияны енгізу бойынша және ауыл тұрғындарын тиімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетін пайдалану жөнінде шараларды іске асыру бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашы-

лығы министрлігі жергілікті атқарушы органмен бірлесе ауыл шаруашылығы кооперативтерін (бұдан әрі – АШК) құру бойынша жұмыс жүргізілуде [1, б.57].

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 2016-2017 жылдары жеке қосалқы шаруашылықтарға бірлескен 1 034 АШК құрылды, оның ішінде 2016 жылы – 289 АШК, 2017 жылы – 745 АШ. Бұл аралықта объективті және субъективті себептермен олардың бірде-бір Ревизиялық одақтары (қауымдастықтары) құрылған жоқ.

2017 жылы Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту үшін республикалық бюджеттен тиісті қаржы бөлінді. Бұл қаржы ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ішкі аудит өткізу шығынын жабуға және тексеру одақтарын мемлекеттік қолдау аясында субсидия төлеуге жұмсалып керек еді, олардың құрылмауына байланысты толығымен игерілген жоқ.

Бүгінгі таңда АШК жемісті дамуына кедергі жасап жатқан мәселелердің бірі – ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудиті мен тиімді қаржылық есептілігін ұйымдастыру мәселесі болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі отандық және шетелдік ғалымдардың ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту және қаржылық жағдайын талдау жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерін, ресми мәліметтерін және ҚР Мемлекеттік статистика қызметінің материалдарын зерделеу негізінде қаланды.

Сонымен қатар, экономикалық теория классиктерінің, танымал отандық және шетелдік ғалым-экономистердің ауыл шаруашылығы кооперативтерін тексеру және талдау саласындағы іргелі еңбектері зерттелді.

Ғылыми зерттеудің ақпараттық базасы ретінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық департаментінің, Қазақстан Республикасының агроөндіріс кешенін басқару органдарының материалдары, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, шаруа қожалықтардың, басқа да агроқұрылымдардың қаржылық есептіліктері алынды.

Ауыл шаруашылық кооперативтерінің экономикалық жағдайының ішкі аудитін жүргізу бағыттары, нысандары мен әдістерінің негіздемесі ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтерін құруын жетілдіру бойынша экономикалық тәжірибелерді жүргізуге негізделген.

Ресми статистикалық, жоспарлы және болжамды материалдар мен деректерге

қоса, жеке бақылаулар мен жалпылаулар мәліметтері, Қазақстанның ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қаржылық жағдайын тексеруді ұйымдастыру және нәтижелерді талдау саласындағы ғылыми және тәжірибелік қызметтің қорытындылары пайдаланылды.

Зерттеу үрдісінде келесі әдістер пайдаланылды: ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудиті түсінігінің экономикалық мәнін ашу үшін теориялық жалпылау, топтау, салыстыру және нақтылау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Бүгінгі таңда республикадағы аграрлық кооперация дамымауда. Қазақстанда кооперация құрамындағы шаруа және фермерлік шаруашылықтардың үлесі 1,5%-дан аспайды, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 140% (АҚШ – 100%, Франция – 100%, Испания – 120%, Нидерланды – 140% – ЭЫЖҚ және азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының мәліметі) жетеді. Кейірі дамыған елдерде шаруа және фермерлік шаруашылықтардың үлесінің 100%-дан асуы олардың бірнеше кооперативтердің мүшесі болуына байланысты орын алып отыр.

Республикада 2016 жылға дейін аграрлық кооперация қызметі бес заңмен регламенттелді: «Тұтыну кооперативі туралы» ҚР Заңы, «Өндірістік кооператив туралы» ҚР Заңы, «Селолық тұтыну кооперациясы туралы» ҚР Заңы, «Ауыл шаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы» ҚР Заңы, «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы» ҚР Заңы. Ауыл шаруашылығы министрлігі соңғы үш заңның күшін жойып, «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» жаңа заңында заңды және жеке тұлғалардың өндірістік кооперативтің ұйымдастыру-құқықтық нысанында ауыл шаруашылық кооперативтерін құруды қарастырып отыр. Құжатқа пайданы бөлу мүмкіндігі, ревизиялық одақтардың (қауымдастықтардың) кооперативтерге ішкі аудит жүргізу мүмкіндігі және аталған қызметтердың шығындарын субсидиялау қарастырылған. Бұдан басқа шектеусіз барлық ауыл шаруашылық кооперативтері үшін арнайы салық режимін қолдану ұсынылып отыр.

Ауыл шаруашылығы ұйымы ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер гербицидтерді, ауыл шаруашылығы өнімі мен оны қайта өңдеу өнімдерін алып, машина-трактор паркінің қызметтерін пайдаланып, өзіндік құн бойынша коопера-

тивте өз өнімін қайта өңдеу мүмкіншілікке ие болады. Сонымен қатар, бірігу есебінен кооператив мүшелері өз табыстарын тауарлардың ірі топтамасы мен ұзақ мерзімді жеткізулерге қатысу арқылы ұлғайта алады. Ревизиялық одақтар (қауымдастықтар) кооперативтерге жыл сайынғы ішкі аудитін жүргізетін болады [2, б.257].

Мұнымен бірге, ауыл шаруашылығы кооперациясы көлеңкелі экономиканы қысқартуға бағытталған. Көлеңкелі сектордың көп үлесі жеке қосалқы шаруашылықтарда анықталып отыр. Мұнымен, 2017 жылы жеке қосалқы шаруашылықтар мал шаруашылығы өнімінің 75%-ын өндірген, ал ұйымдасқан шаруашылықтар сәйкесінше – 25%. Агроөнеркәсіп кешенінде көлеңкелі экономиканың сақталуы, салық заңнамасының жетілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлығы, тауарлы-логистика инфрақұрылымының дамымағандығы, бұл өз кезегінде нарықта ұсақ ойыншылар санының өсуіне және өнімнің негізсіз қымбаттауына алып келуде.

Халықаралық тәжірибеге сай ауыл шаруашылығындағы көлеңкелі экономиканың мәселелерін шешу ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту болып табылады. Бұл жеке қосалқы, шаруа және фермерлік шаруашылықтарды және заңды тұлғаларды аграрлық кооперативке біріктіріп, кооперативтер арқылы сауда жүйелерін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің ынтамақтастығын құруға негіз болмақ.

2018 жылдың 1-тоқсанындағы жағдай бойынша статистикалық деректерге сәйкес 62 мыңнан астам адамның басын біріктірген 2 849 кооператив тіркелген. Сондай-ақ бірқатар ашық мәселелер бар. Бұл аралықта да объективті және субъективті себептермен олардың бірде-бір Ревизиялық одақтары (қауымдастықтары) құрылған жоқ.

Осыған орай қолданыстағы кейбір заңнамаларға өзгерістер енгізу қажеттілігі туындап, агроөнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын өзекті ету жұмысы аясында мақсатты индикаторларды алмастыру қажет болатын алты негізгі бағыт анықталды. Бұл – еңбек өнімділігі, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі, техникалық жабдықтау, білім, өнімді сатудан түсетін кіріс, үстеме шығындардың салыстырмалылығы.

Агрокооперацияны дамыту бағдарламасының мақсаты – еңбек өнімділігін және ауыл шаруашылығы кооперациясына қатысушылардың бәсекеге қабілеттілігін әрдайым арттырып отыру. Жыл сайын

кемінде 10%-ға өсіп отыратын үш өлшенетін түйінді индикатор жүргізу ұсынылған: кооператив қатысушыларының еңбек өнімділігін өсіру, өнімді сатудан (оның ішінде экспорттан), қызмет көрсетуден түсетін пайданы өсіру және ауыл шаруашылығы кооперативтерінің негізгі қаражатына салынатын инвестицияларды өсіру.

Ұсынылған мақсатты индикаторлар кооперативтердің және жергілікті атқарушы органдардың қатысушыларын өндірістік-технологиялық және маркетингтік процестердің бүкіл тізбегін экономикалық талдауға, шектеулерді анықтау мен жоюға ынталандырады.

Сонымен қатар, кооперацияны дамытудың салалық бағдарламасын іске асырудың нақты құралдардың бірі – қолда бар барлық мемлекеттік қолдау шаралары бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтеріне теңдей жағдайларда субсидиялау. Инвестициялық субсидияларды, дайындаушы ұйымдардың қосымша құн салығын (бұдан әрі ҚҚС) субсидиялауды, сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен мал шаруашылығындағы тауарлық-спецификалық субсидияларды сақтап қалу қажет. Ауыл шаруашылық кооперативтерінің Ревизиялық одақтарын (қауымдастықтарын) мемлекеттік тіркеу заңнамасына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды [3, б.118].

2018 жылға кооперативтер үшін бордақылау шығындарын арзандатуға 495 500 000 теңге, сүт өндірумен айналысатын кооперативтерге 478 325 000 теңге бөлінді. АӨК субъектілерінің несиесі және лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қалпына келтірілетін болады. Өкімдіктерге кооперативтер құру бойынша индикативті жоспарлар және кооперативтердің қызметі бойынша индикативті көрсеткіштер белгілеуді алып тастау ұсынылады. Бұдан өзге шаруа, фермер қожалықтарына, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне, жеке кәсіпкерлерге шағын несиелер беру жалғасатын болады.

Өндірістің тиімділігін арттырудың негізгі құралы көлденең және тік (зәкірлік) кооперация болып табылады. Зәкірлік кооперация шағын және орта фермерлердің және олар құрған кооперативтердің өңдеуші және жүйе құраушы кәсіпорындармен серіктестігін көздейді. Кооперативтердің қауымдастықтар немесе одан да ірі кооперативтер құруына мүмкіндігі бар. Жеке қосалқы шаруашылықтар кооперацияға жеке кәсіпкер, шаруа, фермер қожалығы ретінде қатыса алады [4, б.58].

Мұндай модельдердің табыстылығын сүтті кооперативтер бойынша әлемдік тәжірибедегі мысалдар растайды. Жаңа Зеландия, Голландия, Швеция, Дания, АҚШ және Оңтүстік Кореяның шағын және орта фермерлері ірі кооперативтерге бірігіп, өздерінің тиімділігін арттырып, нарықты жаулап алуда.

2017 жылы Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту үшін республикалық бюджеттен тиісті қаржы бөлінді. Бұл қаржы ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ішкі аудит өткізу шығынын жабуға және тексеру одақтарын мемлекеттік қолдау аясында субсидия төлеуге жұмсалып, керек еді, олардың құрылмайына байланысты толығымен игерілген жоқ.

2018 жылы 4 шілдеде Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» заңына сәйкес, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ерікті бірлестігі – «Талдықорған аймағының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одағы» құрылып, мемлекеттік тіркеуден өтті. 2017 жылғы желтоқсан айынан басталған осы одақты құру құжаттары, тек алты айдан кейін мемлекеттік тіркеуден өтті. Оның басты себебі, қазіргі заңнамаға байланысты егер заңды тұлғаны құрушының басшысы немесе оның құрылтайшылары орындалу құжаттары бойынша қарыз болып табылса, онда мемлекеттік тіркеуге жатпайды. Бастапқы 14 заңды тұлғаның 22 құрылтайшысынан болып, жалпы олардың саны 308 болды. Олардың 16-сының орындалу құжаттары бойынша қарыз болып шықты. Соларды толығымен өтеп, электрондық жүйеде тіркеуден алып тастағанша, біз мемлекеттік тіркеуге алынбайтындығы туралы хабарлама алып отырдық. Біздің ойымызша Ревизиялық одақтың (қауымдас-тықтың) құрылтайшыларының – 14 заңды тұлғаның орындалу құжаттары бойынша қарызы болмауы дұрыс, ал оған қосымша олардың ішіндегі 308 құрылтайшыларының қарызының болмауы заңнаманы артық талап ретінде көрсетілген деп ойлаймыз. «Талдықорған аймағының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одағы» – коммерциялық емес ұйым нысанында құрылған және оған кіретін ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қаржы-шаруашылық қызметінің ішкі аудитін, осы қызметті үйлестіруді, тексеру одағының мүшелеріне ішкі аудитке ілеспе қызметтер көрсетуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін,

тексеру одағының құрылтай құжаттарында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ерікті бірлестігі.

Тексеру одағының мүшелеріне ішкі аудит қызметін көрсетеді. Сондай-ақ, тексеру одағының құрылтайшы құжаттарымен қарастырылған Қазақстан Республикасы Заңнамасына қиғаш келмейтін өзге де жұмыс жүргізеді. Тексеру одақтары субсидия алушылар болып табылады. Субсидия ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ішкі аудит өткізу шығынын жабу үшін төленеді [5, б.84].

Тексеру одағы оның құрылтайшылары болып табылатын кемінде он ауыл шаруашылығы кооперативінің бастамасы бойынша құрылады.

Ауыл шаруашылығы кооперативі өзінің таңдауы бойынша тексеру одақтарының біріне кіруге құқылы. Ауыл шаруашылығы кооперативінің бір мезгілде біреуден артық тексеру одағына мүше болуға құқығы жоқ [6, б.74].

Тексеру одағы өз қызметін заңға, жарғыға және құрылтай шартына сәйкес жүзеге асырады. Тексеру одағы мүшелерінің жалпы жиналысы және тексеру одағы мүшелерінің жалпы жиналысы сайлайтын оның байқаушы кеңесі тексеру одағын басқарудың жоғары органдары болып табылады. Байқаушы кеңесі еңбек шарты негізінде жалдайтын атқарушы директоры тексеру одағының атқарушы органы болып табылады.

Тексеру одағы тексеру одағы мүшелерінің жалпы жиналысы бекітетін тексеру одағының қағидаларына сәйкес ішкі аудитті жүзеге асырады. Тексеру одағының қаржылық қызметі оның құрылтай құжаттарына сәйкес тексеру одағы мүшелерінің жалпы жиналысында бекітілетін кірістер және шығыстар сметасы негізінде жүзеге асырылады. Тексеру одағының ішкі аудитті жүзеге асыруға және ішкі аудитке ілеспе қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығыстары мүшелік жарналар есебінен өтеледі, олардың мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген смета немесе өзге де көздер негізінде белгіленеді [7, б.257].

Тексеру одағы ішкі аудит нәтижелері бойынша жазбаша нысанда ішкі аудит қорытындысын жасайды, ол кооператив мүшелеріне және ауыл шаруашылығы кооперативінің бухгалтерлік есептілігін өзге де пайдаланушыларға арналған және тексеру одағының ауыл шаруашылығы кооперативінің бухгалтерлік есептілігінің

дұрыстығы, ауыл шаруашылығы кооперативінің бухгалтерлік есептілікті жүргізу тәртібінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі, ауыл шаруашылығы кооперативін басқарушы органдардың жарғының және Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін сақтауы туралы белгіленген нысанда білдірген пікірін, сондай-ақ тексеру одағы мүшелерінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін нашарлатуға немесе олардың дәрменсіздігіне (банкроттығына) әкеп соғуы мүмкін анықталған бұзушылықтар туралы деректерді қамтитын ресми құжат болып табылады.

Ішкі аудит қорытындысының нысаны, мазмұны, оған қол қою және оны ұсыну тәртібі тексеру одағының қағидаларында айқындалады [8, б.42].

Тексеру одағы анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою туралы нұсқамалар беруге және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы [9, б.101].

Тексеру одағының байқаушы кеңесі мүшелері санының кемінде елу пайызын осы тексеру одағының мүшелері болып табылатын ауыл шаруашылығы кооперативтері тексеру комиссияларының мүшелері құрауға тиіс [10, б.7].

Тұжырымдар. Сонымен, зерттеу көрсеткендей, бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ішкі аудиттің жүргізетін Тексеру одақтарының құрылу үрдісін тежейтін негізгі себептер келесідей:

1. Тексеру одақтарының құрылуын мемлекеттік тіркеудегі заңнамадағы орын алып отырған елеулі кемшіліктер.

2. Ішкі аудиттің жүргізетін мамандардың белгіленбеуі және олардың жетіспеушілігі.

3. Тексеру одақтарының жұмысын қадағалап, реттеп отыратын жоғарғы органның жоқтығы.

4. Бұған қоса, кооперативтердің қызметі ашық емес, ал ішкі процедуралар артық реттелген. Осылайша, ауыл шаруашылық кооперативтерінің ішкі аудитін жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасында Тексеру одағы туралы қосымша жоғарыда көрсетілген ұсыныстар бойынша өзгерістер енгізілу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Молдашев А.Б. АПК Казахстана в условиях единого экономического пространства // Экономика сельскохозяйственных и

перерабатывающих предприятий. – Алматы. – 2014. – №3. – С. 57-58.

2 А.Қ. Шарипов, С.С. Кулшенбаева, Ж.Г. Бейсенбаева Ш.Қ. Нұрбекова Ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру негіздері. Тәжірибелік ұсыныстар. – Талдықорған, 2017. – Б. 257-230.

3 Беделбаева А.Е. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау: шетелдік тәжірибе // Аграрлық нарық проблемалары. -Алматы. -2016.- №3. -Б. 118-122.

4 Макеев Р.В. Постановка систем внутреннего контроля: от проверок отчетности к эффективности бизнеса. – М.: Вершина, 2008. – 296 с.

5 Сотникова Л.В. Оценка состояния внутреннего аудита: практическое пособие. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2009. - 143 с.

6 Бычкова С.М., Газарян А.В. Планирование в аудите. - М.: Финансы и статистика, 2009 - 264 с.

7 Шарипов А.Қ. Организация проведения внутреннего аудита в сельскохозяйственных кооперативах на примере объединения юридических лиц //Ревизионный союз сельскохозяйственных кооперативов: матер. междунар. науч.-практич. конф. «Стратегическое направления социально-экономического развития АПК стран ЕАЭС». -Алматы, 2018. - С.257-260.

8 Носырева Е.Е. Особенности проведения аудита движения основных средств в сельскохозяйственных организациях // Молодежь и наука XXI века: материалы междунар. науч.-практич. конф. - Ульяновск: УГСХА, 2009.- С. 42-44.

9 Алборов Р.А., Бодриков В.В., Бодрикова С.В., Камышев А.Л. Организация внутреннего аудита в системе управления сельскохозяйственным производством. - Ижевск: Шеп, 2008. - 160 с

10 Молдашев А.Б. АПК Казахстана: проблемы развития и поиск их решения // Проблемы агросырынка.-Алматы.-2016.- №3.-С. 7-13.

Әдебиеттер тізімі

1 Moldashev A.B. APK Kazakhstana v uslovijah edinogo jekonomicheskogo prostranstva // Jekonomika sel'skhozajstvennyh i pererabatyvajushhih predpriyatij. – Almaty. – 2014. – №3. –С. 57-58.

2 А.Қ. Sharipov, S.S. Kulshenbaeva, Zh.G. Bejsenbaeva Sh.Қ. Nұrbekova Auy lsharuashylyfy kooperativterin quru negizderi. Təzhiribelik ұsynystar. – Taldyqorған, 2017. – B. 257-230.

3 Bedelbaeva A.E. Auy lsharuashylyk kəsiporyndaryn memlekettik qoldau: sheteldik təzhiribe // Agrarlyk naryk problemalary. -Almaty. -2016.- №3. -B. 118-122.

4 Makeev R.V. Postanovka sistem vnutrennego kontrolja: ot proverok otchetnosti k jefektivnosti biznesa. – M.: Vershina, 2008. – 296 s.

5 Sotnikova L.V. Ocenka sostojanija vnutrennego audita: prakticheskoe posobie. - M.: JuNITI-DANA, 2009. - 143 s.

6 Bychkova S.M., Gazarjan A.V. Planirovanie v audite. - M.: Finansy i statistika, 2009 - 264 s.

7 Sharipov A.Қ. Organizacija provedenija vnutrennego audita v sel'skohozjajstvennyh kooperativah na primere ob#edinenie juridicheskikh lic //Revizionnyj sojuz sel'skohozjajstvennyh kooperativov: mater. mezhdunar. nauch.-praktich. konf. «Strategicheskoe naprav-

lenija social'no-jekonomicheskoe razvitija APK stran EAJeS». -Almaty, 2018. - S.257-260.

8 Nosyreva E.E. Osobennosti provedenija audita dvizhenija osnovnyh sredstv v sel'skohozjajstvennyh organizacijah // Molodezh' i nauka XXI veka: materialy mezhdunar. nauch.-praktich. konf. - Ul'janovsk: UGSHA, 2009.- S. 42-44.

9 Alborov R.A., Bodrikov V.V., Bodrikova S.V., Kamyshev A.L. Organizacija vnutrennego audita v sisteme upravlenija sel'skohozjajstvennym proizvodstvom. - Izhevsk: Shep, 2008. - 160 s

10 Moldashev A.B. APK Kazahstana: problemy razvitija i poisk ih reshenija // Problemy agrorynka. –Almaty. –2016. - №3. –S. 7-13.

МРНТИ 06.71.07
УДК 338.432

РАЗВИТИЕ МЕХАНИЗМА ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОГО ПАРТНЕРСТВА В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІК ТЕТІГІН ДАМУ

DEVELOPMENT OF THE MECHANISM OF THE STATE-PRIVATE PARTNERSHIP IN THE AGRICULTURE

Б.С. МЫРЗАЛИЕВ

д.э.н., профессор

Э.З. ЗИЯДИНОВА

докторант PhD

Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Яссави

Б.С. МЫРЗАЛИЕВ

э.ғ.д., профессор

Э.З. ЗИЯДИНОВА

PhD докторанты

Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

B.S. MYRZALIEV

Doctor of economic sciences, professor

E.Z. ZIYADINOVA

PhD student

International Kazakh-Turkish University by H.A. Yassavi

Аннотация. Представлены некоторые аспекты развития сельского хозяйства Казахстана в условиях взаимодействия государства и бизнеса на основе механизма государственно-частного партнерства, государственные программы, представляющие концептуальную базу развития АПК республики. Акцентировано внимание на инновационном факторе увеличения эффективности сельскохозяйственного производства – внедрение информационных технологий в аграрный сектор, предусматривающее активное использование механизма ГЧП. Выявлены основные направления цифровизации в аграрной сфере, финансирования проектов за счет механизма государственно-частного партнерства. Изучены авторские подходы к